

Нұрсәуле Тілдабай

# Адам болғым келеді

Әңгіме

Астана-кітап

ӘӘЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (5Қаз)  
Т93

## Нұрсәуле Тілдабай

**Н.Тілдабай**

**Адам болғым келеді: әңгіме. / Н.Тілдабай, : - Алматы:**

Астана-кітап, 2024. - 52 б.

**ISBN 978-601-80908-6-8**

Халел балалық шағының қызығын көріп, ойнап, күліп жалығады. Ол өсе келе тұйық, ешкімді өміріне араластырғысы келмейтін жасөспірімге айнала бастайды. Ата-бабасынан дәрігер болған ата-анасы баласын түзеу мақсатында “біздің отбасы абыройлы дәрігерлерден тұрады. Сен де өскенде ең үздік дәрігер атанып, ауруханамызды басқаратын боласың” деп құлағына құяды. Халел кім болғысы келетінін білмесе де, дәрігер болғысы келмейтінін жақсы білетін. Анасының қысымынан шаршаған бала, өзіне сұрақ қоя бастайды. Осылай оның дамуға деген саяхаты басталады.

ӘӘЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (5Қаз)

**ISBN 978-601-80908-6-8**

©Астана-кітап, 2024


# Agam dolym kelegi



Түн қараңғысы сейіле бастаған еді. Аспан әсем нұрға бөленіп, көкжиектен таң саз бере бастады. Бұл көрініс қара түнекті қақ жарған таңғы шұғыланың жақындағанын білдіретіндей.

Таң шуағы қылаң бере бастағанға Көмекбаевтар әулеті де дүниеге бір мұрагер келетінін сезіп, сүйінші айтуға дайындалып жатты. Үлкен отбасының әр мүшесінің жаны шүберекке түйлі, ата-әжесі мен туған-туыстары “қолына шипа дарыған” ер-азамат дүниеге келсін деп, жаратқанға жалбарытуда. Атақты да абыройлы дәрігерлер әулеті уызы арылмас шежіреден үзбей жалғасатұғын дәрігер мұрагерді күтетіні анық.

Әулет мүшелері аурухананы басына көтеріп, бірін-бірі жарыса құттықтап жатыр.



- Сүйінші! О, ағайын! Сүйінші!



Шекесі Ұл дүниеге  
торсықтай келді!

Анау бұрышта әжесі отырып қолын жайып, жаратқанға шүкір етті.

- Үй іші — абыр-сабыр. Көмекбаевтар әулетінде ақ түйенің қарны жарылған күн. Құтты болсын айтуға
- ағайын-туыстың бәрі жиналды. У-шу әңгіменің арасында атасы сөз бастады:
- — Кемпіржан-ау, мені білесің, ғой өзің! Тарихты оқығанды жақсы көрем!
- — Ә!
- Жұрттың бәрі атаның аузына қарады.
- — Өткенде алашордалықтар жайлы оқып отырып, қызық мақалалар тауып алдым. Қазақ медицинасының негізін қалаған тұлғаны таптым десем де болады екен-ау!
- — Кім екен ол? Кім екен? — десті қызыққандар аңтарылып.
- — Халел Досмұхамедұлын бәрің білесіңдер ғой? — деді атасы.
- — Ол саясаткер емес пе?

– Міне, гәп қайда жатыр! Алашордалықтар бір ғана саламен шектелмей, ағарту ісіне, қоғам ісіне белсене қатысып жүрген. Сол кездегі оба, жұқпалы ауруларды емдеген. Халық қарапайым профилактиканы білмегендіктен қырылып жатқан заманда ол, Халел, аурулардың соншалық адам қырылатындай қорқынышты емес екенін көрсетіп берген. Онымен қоймай, ұлтымызға дәрігер мамандар керек екенін аңғарып, оларға оқу үйреткен. Халық қарапайым денсаулық сақтау жолдарын білсін деп қаншама мақала, еңбектер жазған екен, – деп атасы сөзін тамадады.

– Бәрекелді! Ата-бабамыз ұлтына жанашыр жандар болған ғой!

– Сол үшін еліне, жеріне, адамзатқа жанашыр тұлға болсын деп, немеремнің атын Халел деп қояйын деп отырмын, – деді атасы марқайып.

– Халел?

– Халел!

– Бұл не мағына береді? Ескі заманның аты емес пе? – деді туыстары онша ұнатпаған кейіп танытып.

– Әй, жетесіздер! Сендерге жаңадан бері не айтып отырмын!

Кемпірі шалына жымия қарап:

– Менің шалым қартайған сайын ақсақалға айналып бара жатыр ма деймін. Тимурымның есімін “қазір осындай есімдер модный боп жатыр” деп қойған еді, – деп күлді. Атасы келіспеске амалы

Google

ХАЛЕЛ\_

x

